

## «Журналды уақытылы жүргізу» есебі

«Журналды уақытылы жүргізу» көрсеткіші сабақ өткізілетін күннің **00:00-ден бастап, келесі күннің 13:00-ге дейін** мектептің уақыт белдеуі бойынша қойылған немесе өңделген **барлық формативті бағалардың** жиынтық пайызын көрсетеді (аралық шекарасын қоспағанда).

**Ескерту:** бағалар уақытылы қойылған деп саналады, тіпті егер:

- бағалар уақытылы емес қойылды, БІРАҚ уақытылы өңделді;
- бағалар уақытылы қойылды, БІРАҚ уақытылы емес өңделді.

Критериалды бағалау жүйесі бар сыныптар үшін көрсеткіш қойылған формативті бағаларды тек сабақтағы Жұмыс түрі - «Формативті баға» бойынша ескереді.

 *Қалған жұмыс түрлері үшін бағалар есепте ескерілмейді.*

Есептік кезең ішінде қойылған бағалар болмаған жағдайда «Журналды уақытылы жүргізу» есебінде «-» (сызықша) көрсетіледі. **«Сызықша»** мәні есепті құру кезінде деректердің жоқтығын ғана көрсетеді.

## Журналды жүргізу бойынша ұсыныстар

**1. Жұмыс түрі.** Сабақтағы жұмыс түрін алдын-ала өзгерту ұсынылады, белгілі бір сабаққа ең қолайлы нұсқаны таңдап, орнату. Мұғалім өз сабақтарын аптаның басында жоспарлаған уақытта бұл жұмыстарды қоса алады.

**2. Бағаларды қою.** Сабақтың өткізілетін күні 00:00-ден 13:00-ге дейін «ФБ - Формативті баға» жұмыс түріне қатысты бағаларды қосу қажет.

## «ЭЖК жүргізу статистикасы» есебінің көмегімен көрсеткішті бақылау

Білім беру ұйымының әкімшісі мынадай құралдардың көмегімен «Журналды уақытылы жүргізу» көрсеткішінің деңгейін бақылай алады:

[«ЭЖК жүргізу статистикасы» есебі.](#) Есептің көмегімен күн сайын «Журналды уақытылы жүргізу» көрсеткішін қадағалап, журналдарды толтыру кезінде қай жерде қате жіберілгенін түсінуге болады. «ЭЖК жүргізу статистикасы: Мектеп» жалпы есебін талдағаннан кейін, көрсеткіші төмен нақты мұғалім бойынша [«ЭЖК](#)

[жүргізу статистикасы: Мұғалім»](#) есебіне көшуге болады. Осылайша, қай журналда қате жіберілгенін анықтауға болады.

Есепті қалыптастыру кезеңі ретінде жексенбіден сенбіге дейінгі аптаны таңдау ұсынылады, өйткені [Белсенділік бақылауы](#) туралы есеп осы кезеңде аптасына бір рет жаңартылады.

[«Өзгертулер тарихы: Журнал» есебі.](#) Осы есепті қолдана отырып, қандай бағалар уақтылы қойылмағанын анықтауға болады (сабақ өткізілетін күні емес немесе белгіленген уақыттан кейін).

Баға қойылу уақытын «Сабақ № / Күні» бағанындағы күндерді және тақырыпты (ақ фон мен күн ұяшықтары) салыстыру арқылы анықтауға болады.

Оқу жылы	2015/2016	2016/2017	2017/2018	2018/2019	2019/2020	<b>2020/2021</b>
Сынып	0 1 2 3 4 5 6 7 8 10 11					
	0 1-ә 2-а 3-ә 4-а 5-ә 6-ә 7-ә 8-ә 10-ә 11-ә					
	1-а 2-б 3В 4-а 5 К 6-а 7к 8-а 10-а 11 в					
	1-г 3В 4-б 5-а Демон 6 7-а 10-а 11-а					
		<b>Демон 4</b>				
Пәндер	Алгебра					
Кезеңдер	<b>1-тоқсан</b>	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	Қорытындылар	
Сабақтар	бастап	01.09.2020	дейін	29.10.2020	<b>Қолдану</b>	

Уақыт	Өзгерістер авторы	Сабақ № Күні	Әрекет	Белгі түрі	Жұмыс түрі	Ескі мән	Жаңа мән	Оқушы
30.10.2020								
10:46:20	<b>Искандерова А.А.</b>	1 сабақ 19.10.2020	Жою	Баға	ФБ	6		<b>Килькин С.</b>
10:46:18	<b>Искандерова А.А.</b>	1 сабақ 19.10.2020	Жою	Баға	ФБ	5		<b>Бакасов Д.</b>
29.10.2020								
19:34:14	<b>Готовцева Ю.В.</b>	2 сабақ 08.09.2020	Өзг.	Пікір.		Исп...	И...	<b>Ахметов А.</b>
19:32:20	<b>Готовцева Ю.В.</b>	2 сабақ 08.09.2020	Қос.	Пікір.			Исп...	<b>Ахметов А.</b>
19:31:46	<b>Готовцева Ю.В.</b>	2 сабақ 08.09.2020	Жою	Пікір.		Исп...		<b>Ахметов А.</b>

### «ЭЖК жүргізу статистикасы: Мектеп» есебі

«ЭЖК жүргізу статистикасы: Мектеп» есебі білім беру ұйымында нақты уақыт аралығында журналдарды жүргізуді және күнтізбелік жоспарлауды толтыруды бақылауға және талдауға мүмкіндік береді.

**Есепті құрастыру үшін келесі деректерді көрсету қажет:**

- оқу жылы;
- уақыт аралығы;
- көрсеткіштер параметрлері:
  - «Тақырыптарды толтыру %»;

- «Ү/Т бар сабақтардың %»;
- «Жоспарлауды жүргізу %»;
- «Журналды жүргізу %»;
- «Журналды уақытылы жүргізу».

Көрсеткіштердің келесі мәндері болуы мүмкін::

- «**кез келген**» - барлық қызметкерлер бойынша толтырудың кез келген % (100% және 0% қоса алғанда);
- «**100%**» - көрсеткіш бойынша 100% толтырумен барлық қызметкерлер;
- «**0%**» - көрсеткіш бойынша 0% толтырумен барлық қызметкерлер.

Содан кейін «Есепті құрастыру» батырмасына басу қажет.

**Есеп мынадай ақпаратты қамтитын кесте түрінде қалыптастырылады:**

#### **Кесте №1**

- Білім беру мекемесі;
- Ү/Т бар сабақтардың %;
- Тақырыптарды толтыру %;
- Жоспарлауды жүргізу %;
- Бағалар қойылған журналдар саны;
- Журналды жүргізу %;
- Журналды уақытылы жүргізу %.

#### **Кесте №2**

- барлық қызметкерлердің аты-жөндері;
- қызметкердің Ү/Т бар сабақтардың %;
- қызметкердің тақырыптарды толтыру %;
- қызметкердің жоспарлауды жүргізу %;
- қызметкердің бағалар қойылған журналдар саны;
- қызметкердің журналды жүргізу %;
- қызметкердің журналды уақытылы жүргізу, %.

**Ескерту:** қызметкердің аты-жөнін басу барысында «[ЭЖК жүргізу статистикасы: Мұғалімдер](#)» есебіне көшуге болады.

Оқу жылы: 2015/2016 2016/2017 2017/2018 2018/2019 **2019/2020**

Уақыт аралығы: бастап  дейін

Тақырыптарды толтыру %: **Кез келген** 100% 0%

ҮТ бар сабақтардың %: **Кез келген** 100% 0%

Жоспарлауды жүргізу: **Кез келген** 100% 0%

Бағалары бар сабақтардың %: **Кез келген** 100% 0%

Журналды уақытылы жүргізу: **Кез келген** 100% 0%

**Есепті құрастыру**

Білім беру мекемесі	ҮТ бар сабақтардың %	Тақырыптарды толтыру %	Жоспарлауды жүргізу %	Бағалар қойылған журналдар саны	Журналды жүргізу %	Журналды уақытылы жүргізу, %
№1 Мектеп-гимназия	28,4	33,95	34,31	81 ішінен 131	34,94	1,32
Мұғалім	ҮТ бар сабақтардың %	Тақырыптарды толтыру %	Жоспарлауды жүргізу %	Бағалар қойылған журналдар саны	Журналды жүргізу %	Журналды уақытылы жүргізу, %
Мұғалім жоқ	0,39	0,07	0,58	13 ішінен 34	6,77	0
Абдрахманова Г. А.	59,62	64,09	64,5	6 ішінен 6	53,73	0,86
Абдуалиева З.	2,94	23,61	23,61	4 ішінен 5	9,72	15,38

### Аналитикалық параметрлерді есептеу үшін төмендегі формулалар қолданылады:

- **ҮТ бар сабақтардың %** =  $100 * (\text{ҮТ берілген сабақтардың саны}) / (\text{сабақ кестесіндегі таңдалған уақыт аралығындағы сабақтар саны})$ .

**Ескерту:** есепте пәндер бойынша алғашқы сабақтар есепке алынбайды, себебі есептік кезеңде бірінші сабаққа ҮТ берілмейді. Сол себепті сол күн үшін көрсеткіш **0%-ға тең** болады. Сондай-ақ, «ҮТ бар сабақтардың %» параметрі неге 100% - ға тең емес екенін [«Неліктен үй тапсырмасы бар сабақтардың көрсеткіші 100% емес?»](#) мақаласынан оқуға болады.

 «ҮТ бар сабақтардың %» параметрі ҮТ-ны орындау мерзімі мен авторлығы бойынша ескереді.

- **Тақырыптарды толтыру %** =  $(\text{толтырылған тақырыптар саны}) * 100\% / \text{жалпы сабақтардың саны}$ .
- **Жоспарлауды жүргізу %** =  $100 * (\text{ең кемінде бір ҮТ берілген сабақтардың саны немесе сабақ тақырыбы толтырылған сабақтар саны}) / (\text{таңдалған уақыт аралығындағы сабақтар саны})$ .

- **Бағалар қойылған журналдар саны** = есеп беру кезеңінде ең болмағанда бір баға бар мұғалім журналдарының саны, ең болмағанда қатысуы туралы бір белгі, ең болмағанда сабаққа бір түсініктеме немесе сабақ өткізу туралы белгі қойылған және мұғалім толтыруға міндетті журналдардың жалпы саны.
- **Журналды жүргізу** =  $100 * (\text{таңдалған кезеңдегі ең кемінде бір баға, сабақтан қалу туралы белгі, сабаққа берілген түсінік, сабақ өткізілгені туралы қанат белгісі қойылған сабақтар саны}) / (\text{таңдалған уақыт аралығындағы сабақ кестесіндегі сабақтар саны})$ .
- **Журналды уақытылы жүргізу** =  $(100 * \text{кезең бойынша уақытылы қойылған бағалардың саны} / \text{кезең бойынша қойылған бағалардың жалпы саны})$ . Есеп туралы толық ақпарат [«Журналды уақытылы жүргізу» есебі](#) мақаласында сипатталған.

**Ескерту:** көрсеткіштерді есептеу кезінде жоспар бойынша сабақтар және нақты өткізу күні есептік кезеңге түсетін **көшірілген сабақтар** есепке алынады. **Бас тартылған сабақтар** есепке қатыспайды.

**Есепте көрінуі:** ББМ барлық қызметкерлеріне.